## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 985 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 29 қыркүйек N 1473

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жекелеген акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін жекешелендіру жөніндегі кеңесшілерді таңдауға арналған тендер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 985 P990985_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі", "Қазақстан алюминийі", "Қазхром" ұлтаралық компаниясы" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "20 қыркүйекке" деген сөздер "15 қазанға" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға қосымша қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
29 қыркүйектегі
N 1473 қаулысына
қосымша

Инвестициялық компаниялар (банктер) және мамандандырылған консалтингтік фирмалардың арасында кейбір акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін жекешелендіру жөніндегі кеңесшілерді таңдау үшін өткізілетін тендер комиссиясының құрамы

Әбілғазин Данияр Рүстемұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы

Кешубаев Ғалиаусат Қайырбекұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының орынбасары

Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Уәйісов Мерей Құрманұлы - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі

Жолдасбеков Азамат Мырзаданұлы - Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Қуанышев Дулат Оразбекұлы - Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің төрағасы

Жолдыбаева Сәуле Мұсақызы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК